



Ембі ТЫНЫСЫ

№1 (118)
ҚАҢТАР
2024 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз

КЕНІШТЕГІ ЕЛЕЛІ КЕЗДЕСУ



«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорлары Қырымбек Көшербаев пен Максим Избасов Ембі өндірісінде болып, мұнайшылармен кездесті. Шараға аталмыш басқарманың ұжымы, компания басшылығы қатысты. Кездесу барысында ұжымдағы тұрақтылықты қамтамасыз ету, Ембінің өндіріс саласына қатысты өзекті мәселелер төңірегінде әңгіме қозғалды.

Исатай ауданындағы іргелі ұжым «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының С.Балғымбаев кен алаңында болған кездесу барысында «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов Компанияға қарасты кеніштерінің бүгінгі жағдайына қысқаша тоқталып өтті.



Біз өндіріс қауіпсіздігіне әрдайым басымдық беретін отандық мұнай-газ өндіру компаниясында еңбек етеміз. Жұмыс орнындағы еңбек қауіпсіздігі жағдайлары мемлекеттік стандарттар талаптарына, еңбек қауіпсіздігі мен қорғау ережелеріне сәйкес болуы тиіс.

ҚАУІПСІЗДІК ӨЗІМІЗДЕН БАСТАЛАДЫ!



Компаниямыздың миссиясында атап көрсетілгендей, «Ембімұнайгаз» үшін адам өмірі - басты құндылық. Жұмысшылардың қауіпсіз ортада еңбек етіп, отбасыларына аман-есен оралуынан асқан маңызды ештеңе жоқ. Сондықтан, әрқайсымыз осы басым бағытқа терең мән беруіміз керек.

Осы орайда, біз корпоративтік қауіпсіздік ережелерін үнемі жетілдіріп, күн тәртібінде бақылауда ұстап отырамыз. Жаңалықты өндіріс алаңдарына кенінен таратып, бұл орайдағы жұмысқа қаражат пен күш-жігерімізді жұмсауға аянбаймыз. Дегенмен, «Ембімұнайгаз» акционерлік қоғамының барлық қызметкері әр бастама, әр шешімге үлкен жауапкершілікпен қарауды өзінен бастауы тиіс. Атқарып отырған қызметіміз бен лауазымға қарамастан, қауіпсіздік ережелерін бұлжытпай сақтап, жұмыс орнымызда қауіпсіздік саласында көшбасшы болуымыз керек. Бекітілген ережені сақтай отырып, әріптестерімізден және мердігер мекемелердің мамандарынан да соны талап етуге тиіспіз.

Ембі өндірісінің барлық жұмысшылары жұмыла отырып, өндірістегі жазатайым оқиғалардың алдын алуға күш салуымыз керек. Егер қауіпсіздік талаптарының бұзылуы орын алған жағдайда, жұмысты тоқтатып, туындаған қауіптерді жою шараларын дереу қолға алуымыз қажет.

Өндіріс қауіпсіз болуы шарт. Бұл мәселеде ұсақ-түйек жоқ. Тек бірлескен жұмыстың нәтижесінде ғана кез-келген қауіп пен тәуекелдерден аулақ болып, жарақат алудың нөлдік деңгейіне қол жеткіземіз.

Қауіпсіздік әрқайсымыздан басталады!

«Ембімұнайгаз» АҚ
Бас директоры Сәбит АРЫНОВ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙ ӨНЕРКӘСІБІ ДАМУЫНЫҢ ТАРИХЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ



С.БАЛҒЫМБАЕВ КЕНІШІ: ҚОС ӨЗЕН АРАСЫНДАҒЫ ӨНДІРІСТІҢ БАСТАУЫ



МҰНАЙШЫЛАРҒА ЖАЙЛЫ ЖАҒДАЙ



КЕЗДЕСУ

КЕНІШТЕГІ КЕЛЕЛІ КЕЗДЕСУ

(Жалғасы. Басы 1-бетте)

«Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің тәуелсіз директорлары Қырымбек Көшербаев пен Максим Избасов Ембі өндірісінде болып, мұнайшылармен кездесті. Шараға аталмыш басқарманың ұжымы, компания басшылығы қатысты. Кездесу барысында ұжымдағы тұрақтылықты қамтамасыз ету, Ембінің өндіріс саласына қатысты өзекті мәселелер төңірегінде әңгіме қозғалды.

Исатай ауданындағы іргелі ұжым «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының С.Балғымбаев кен алаңында болған кездесу барысында «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов Компанияға қарасты кеніштерінің бүгінгі жағдайына қысқаша тоқталып өтті.

Компанияға қарасты барлық басқармаларда өнім өндіру мен тапсыру көрсеткіші биыл жоспардан артық орындалды.

«Ембіліктердің 2023 жылдың өндірістік көрсеткішті мерзімінен бұрын орындауында біршаа ұжымның үлесі бар. Ұжымдағы татулық пен бірлігінің негізінде алға қойған үлкен мақсатқа қол жеткіздік. Табысты еңбекте әрбір мұнайшының үлесін жоғары бағалаймын» деп атап өтті С.Арынов.

Атырау облысына арнайы іс-сапармен келген Қырымбек Көшербаев өзінің пікірінде ел экономикасын дамытуға үлес қосып отырған ембіліктердің



ұлттық қордың еселенуіндегі қолтаңбаларына оң бағасын берді.

Ембілік ардагер, ұзақ жыл Ембі өндірісін басқарған Максим Избасов жалпы Атырау облысының инфрақұрылымының дамуына отандық мұнай өндіруші компанияның белсенді араласып отырғанын жеткізіп, алдағы жүйелі жоспарларға қол жеткізуге сәттілік тіледі.

Кездесу барысында жайықмұнайгаздық мұнайшылар өндіріс және әлеуметтік салалардағы пікірлерін ортаға салып, жылы жүзді кездесуге алғыстарын білдірді.

ЕСЕПТІК ЖИЫН

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқару аппараты кеңсесінде 2023 жылдың қорытындысы бойынша еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және өндірістік қауіпсіздік комитетінің отырысы өтті. Жиынға Компания басшылығы мен қызметкерлері, өндірістік-құрылымдық бөлімшелер басшылары мен мердігер мекемелер өкілдері қатысты.

ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ ТАЛАП



Шараны ашқан «Ембімұнайгаз» АҚ Бас директоры Сәбит Арынов 2023 жыл Компания үшін табысты жыл болғандығын, өнім өндіру көрсеткіші бойынша бекітілген жоспар артығымен орындалғанын, бұл табыста барлық ембілік мұнайшының үлесі бар екендігін атап өтті. Сондай-ақ, еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік бойынша өткен жылдағы көрсеткіштерге тоқталып, белсенді ашық пікір алмасуға шақырды. Және тек бірлескен жұмыстың нәтижесінде ғана кез-келген қауіп пен тәуекелдерден аулақ болып, жарақат алудың нөлдік деңгейіне қол жеткізетінімізді баса айтты.

Өткен жылы ЕМГ бойынша 1 жазатайым оқиға тіркелсе (мердігер мекемелерде – 2), жол-көлік, өрт жағдайлары, апаттық оқиғалар орын алған жоқ (мердігер мекеме бойынша: жол-көлік оқиғасы – 13; өрт – 2; апаттық жағдай – 1). Дегенмен, Компания басшысы көлік жүргізуде жылдамдық режимін сақтау бағытында жұмысты әлі жандандыру керектігін баса айтты. Есепті кезеңде «Ембімұнайгаз» бойынша 37 жағдай тіркелді. Ал, мердігер компанияларда – 588.

Ал, инциденттер саны 7-ге жетті

(мердігер мекемелер бойынша – 20).

Өндірістік-техникалық департаменттің бас механигі Әділ Шагильбаев кәсіпорындарда жұмысшыларды электр тогының соғуынан және басқа жарақаттардан қорғау үшін қолданылатын «LOCKOUT-TAGOUT» блоктау жүйесі туралы айтып өтті.

Еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің директоры Әнуарбек Каримов еңбекті қорғау және өндірістік қауіпсіздік саласы бойынша атқарылған жұмыстарға есеп беріп, мердігер мекемелермен байланыс мәселесіне жіті назар аударды. Өлім көрсеткіші «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ, әлемдік көрсеткішпен салыстырмалы түрде баяндалды. Осы орайда, өз тиімділігін көрсеткен «Сапарларды басқару» жобасын мердігер мекемелер де қолданысқа енгізсе деген ұсынысын айтты.

Жиын барысында Компанияға қарасты өндірістік-құрылымдық бөлімшелер басшылары өз басқармалары бойынша атқарылған жұмыстар туралы баяндады.

Сонымен қатар, мердігер мекемелер – «Мұнай сервис», «КМГ Инжиниринг», «Техаком», НИК «Хоа Шен Да» ЖШС өкілдері есеп берді.

ТАҒАЙЫНДАУ

БАС ДИРЕКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ҚЫЗМЕТКЕ КІРІСТІ

«Ембімұнайгаз» АҚ Бас директорының коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасары болып Ильяс Шойбекұлы Құрамысов тағайындалды.

И.Құрамысов Қазақ гуманитарлық заң университетін «Заңгер» мамандығы, Алматы экономика және статистика академиясын «Есеп және аудит» мамандығы бойынша бітірді.

Еңбек жолын Оңтүстік Қазақстан облысының прокуратурасынан бастап, Алматы облысы, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасында, Астана қалалық прокуратурасы аппаратында, «Самұрық-Энерго» АҚ-да, Павлодар облыстық прокуратурасында, Түркістан облысында заң саласында әр-түрлі лауазымдарда қызмет атқарған.

2019-2024 жылдар аралығында ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар (ЭГТР) министрінің кеңесшісі, ЭГТР министрлігінің Павлодар облыстық Экология департаментінің басшысы, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ әкімшілік жұмыстар басқармасының басшысы болып еңбек еткен.

2024 жылдың 24-қаңтарынан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен Бас директорының коммерциялық мәселелер жөніндегі орынбасары болып тағайындалды.



ЕМБІДЕ – ЖАҢА БАС ТЕХНОЛОГ

«Ембімұнайгаз» АҚ бас технологияның міндетін атқарушы болып Ғибатолла Толағайұлы Шанаев тағайындалды.

Компанияның бас директоры Сәбит Арынов Ғибатолла Шанаевты жаңа қызметімен құттықтап, жылы лебізін арнады. «Ембі кен алаңдарының өндірістік көрсеткішінің одан әрі жақсаруына Сіздің осы саладағы ұзақ жылғы тәжірибеніз үлкен септігін тигізеді деген сенімдеміз. Жаңа қызметіңізге сәттілік тілейміз», - деп атап өтті Сәбит Әбілдаұлы өз сөзінде.

Айта кетейік, Ғибатолла Толағайұлы бұған дейін «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бастығы қызметін атқарды.

Ол Компанияның өндіріс көрсеткіштерінің тұрақты орындалуына, өндірістік процестердің жүйелі іске асуына тікелей жетекшілік етеді.



ҚАЗАҚ МҰНАЙЫНЫҢ 125 ЖЫЛДЫҒЫНА

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙ ӨНЕРКӘСІБІ ДАМУЫНЫҢ ТАРИХЫНА ҚЫСҚАША ШОЛУ

1717 – Атырау өлкесінде мұнайдың бар екені туралы алғашқы мәлімет Бекович-Черкасскийдің Петр I Жарлығымен Ембі өзенінің төменгі ағысы арқылы Хиуаға ұйымдастырған экспедиция жазбаларынан табылды.

1846 – М.И.Ивановтың Маңғыстау түбегіндегі экспедициясы мұнайдың алғашқы белгілерін ашты.

1899 – Карашұңгілде 40 метр тереңдікте мұнай фонтаны алынды. Бұл оқиға қазақ жерінде мұнайдың тарихының бастауы болып саналады.

1911 – 29 сәуірде Доссорда қазылған ұңғымадан ортаңғы юра қабатында 225-226 м тереңдіктен қуатты мұнай бұрқағы атқылады. Ұңғыма 30 сағат атқылап, 16,7 мың пұт мұнай берді.

1912 – Новобогат кен орнында барлау жұмыстары кен орнында басталады.

1913 – Қара өзен, Білеулі, Жыңгелді учаскелерінде бұрғылау жұмыстарының басталды. Доссордағы Жайық-Каспий мұнай қоғамы 4,450 млн пұт мұнай өндірді.

1914 – өндіру көлемі 16,654 млн пұт мұнайды құрады.

1915 – 30 мамырда № 2/1 ұңғымадан 185 м тереңдіктен алғашқы мұнай бұрқағы алынды, ол бірінші тәулікте 30 мың пұт мұнай берді. 31 мамырда Мақат мұнай кен орнын сынақтан өткізу жұмыстары басталды.

1917 – Иманқара, Дөңгелексор, Жалтыр учаскелерін бұрғылау жұмыстары басталды.

1920 – мұнай кен орындарын өнеркәсіптік игеру үшін Орал-Ембі аймағының мұнай кен орындары басқармасы құрылды.

1922 – Орал-Ембі өңірінің мұнай кәсіпшіліктері басқармасы «Ембімұнай» тресі болып өзгертілді.

(Жалғасы бар)

LEAN 6 SIGMA

Астана қаласында «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ (бұдан әрі КМГ) компаниялар тобының «Lean 6 Sigma» 4-ші конференциясы өтті.

Іс-шараға КМГ, «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС, «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС, «СП CaspiBitum» ЖШС, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Қазгермұнай» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «ПКОК» ЖШС өкілдері қатысты.

Конференция барысында КМГ еншілес компаниялары жобаларының таныстырылымы және КМГ компаниялар тобындағы ең үздік жобалар іріктелді.

Соның ішінде, «Шығыс Мақат кен орнында ұңғымаларды жерасты жөндеуде жоспарланбаған жұмыстарды азайту» жобасы «Ембімұнайгаз» АҚ-нан ең үздік жоба ретінде танылды. Жобаның менеджері – «Доссормұнайгаз» мұнай-газ өніру басқармасы өндірісті жедел басқару қызметінің инженер-технологы Жақсыкелді Жолдасқалиев.

Айта кетейік, жобаның мақсаты орташа жөндеуаралық кезеңді 88 күннен 134 күнге дейін ұзарту арқылы ұңғымаларды жерасты жөндеудегі жоспардан тыс жұмыстардың санын азайту болып табылады.

Жалпы, «Lean 6 Sigma» тұжырымдамасы сапаны басқарудың екі әдісін біріктіру нәтижесінде пайда болған. Біріншісі – шығындарды азайту мен процестерді үдету қағидаларын қамтитын жапондық «Lean manufacturing (Үнемді өндіріс)» әдісі. Ал, екіншісі – өнім сапасын арттыру мен клиент сұранысын өтеуге бағытталған американдық «Six Sigma (Алты сигма)» тәсілі. Бағдарлама компанияның шығындарын азайту үшін жобалық тәсілді жүйелі түрде қалыптастыратын ең ұтымды әдістеме болып табылады.

ЕМБІНІҢ ҮЗДІК ЖОБАСЫ



УПРАВЛЕНИЕ ПЕРСОНАЛОМ

ГЕЙМИФИКАЦИЯ, ИЛИ КАК HR ПРОЦЕССЫ СДЕЛАТЬ ЭФФЕКТИВНЫМИ

Работники АО «Эмбаунай-газ» Айымгуль Жумагулова и Ерасыл Амандыков в составе команды заняли I место в конкурсе проектов по итогам модульной программы обучения специалистов сферы управления персоналом HR School АО «Самрук-Казына».

Материнская компания постоянно расширяет арсенал возможностей по обучению работников портфельных компаний лучшим методикам и практикам менеджмента.

Модульная программа HR School была разработана специалистами по работе с кадрами АО «Самрук-Казына» совместно с коллегами из HR-подразделений Группы компаний Фонда специально для работников кадровых служб, которые сегодня решают непростую задачу по обеспечению устойчивости основного капитала компаний и предприятий – человеческих ресурсов – в непростых условиях оптимизации HR процессов, финансовой волатильности, высоких требований к компетенции, высокой конкуренции на рынке труда и других.

Проект состоял из 7 обучающих модулей: HR-talks, HR-форума и других, обучение длилось 7 месяцев, в течение которых 34 участника освоили ключевые аспекты современного управления персоналом.

Углубленное изучение таких тем как «Управление организационным развитием», «Управление организацией нормирования труда», «Управление кадровым делопроизводством», «Управление производительностью», «Подбор персонала, обучение и развитие», «HR-аналитика и внедрение стандартов IR и ESG» и «Управление корпоративной культурой и HR-брендом» сопровождалось не только механическим запоминанием новых знаний, но и необходимостью в процессе обучения разработать новые современные проекты в области управления персоналом, отвечающие требованиям HR School.

К защите допускались лишь проекты, соответствующие критериям обучения. С одной стороны, они должны были быть креативными и отличаться новизной, с другой – не оторванными



от реальности и основанными на анализе текущей ситуации в кадровой сфере Фонда, пригодными для практического применения в группе компаний «Самрук-Казына», отличаться экономической целесообразностью и содержать ESG-принципы.

Так на свет родилось 7 проектов, защиту которых предстояло провести перед руководителями уровня CEO-1 АО «Самрук-Казына» и его портфельных компаний.

Команда Ерасыла и Айымгуль темой своей работы выбрала «Геймификацию в процессе адаптации».

Геймификация — это внедрение игровых форм в неигровых сферах: работе, учебе и повседневной жизни. Геймификация может упростить все процессы, увеличить удовольствие от выполнения рабочих задач, повысить вовлеченность, мотивацию, улучшить эмоциональный фон в коллективе.

Однако не стоит путать геймификацию с превращением работы в игру, понижением планки требований к работникам или трудовой дисциплины. Геймификация использует естественные склонности людей к конкуренции, соревнованию и достижениям, где инструментами вовлечения становятся уровни, которые необходимо пройти, чтобы повысить рейтинг и получить вознаграждение. Особенно эффективна эта практика для молодых людей-миллениалов, которые выросли на компьютерных играх и привыкли к прохождению этапов, повышению уровня, вознаграждению в зависимости от рейтинга.

Таким образом, благодаря геймификации новички легче адаптируются на новых местах работы, производственные задачи становятся более понятными, увеличивается уровень удовлетворенности персонала, снижается текучесть кадров, улучшаются коммуникации, повышается осведомленность и нацеленность работников на результат.

Наши коллеги в составе команды набрали наивысшие баллы за проект по геймификации, получили сертификаты об участии в HR форуме АО «Самрук-Казына» в 2024 году и стоящий за ними бесценный опыт по обмену идеями и опытом в корпоративном HR-сообществе.

Теперь полученные навыки они привнесут в работу АО «Эмбаунайгаз», для которого устойчивость кадрового потенциала и сохранение управляемости в условиях меняющейся ситуации на рынке труда, результативные подходы в кадровой политике являются важнейшим условием производственной стабильности.



ӨНДІРІС ЖҮРЕГІ

ЖАҢА АЙДАР

Құрметті оқырмандар! Газетіміздің жаңа санынан бастап тың жобаны қолға алып отырмыз. «Өндіріс жүрегі» айдарымен Ембі өндірісіндегі жарты ғасырдан астам тарихы бар кен алаңдарының кешегі мен бүгінгісін саралаған материалдар топтамасын назарларыңызға ұсынамыз. Жаңа айдардың алғашқы шолуы «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты С.Балғымбаев кен орнынан бастау алды.

С.БАЛҒЫМБАЕВ КЕНІШІ:

ҚОС ӨЗЕН АРАСЫНДАҒЫ

өндірілді. Қазіргі жағдайда кен орын бойынша жоспарланған мұнай өндіру, мұнай тапсыру геолого-техникалық, ұйымдастыру-техникалық жұмыстары жоспар деңгейінде орындалуда.

Басқарма бойынша бүгінгі таңда кен орындарындағы газды



Биыл Еділ мен Жайық қос өзен аралығында орналасқан «Жайықмұнайгаз» МГӨ басқармасының ірі кен алаңы С.Балғымбаев кенішінің игеріле бастағанына 56 жыл. Мартыңи алаңы атауымен іске қосылған кеніштің 1968 жылы алғашқы №1 ұңғымасынан мұнай фонтаны алынды. «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасында кезінде 78 901 мың тонна шамасында мұнай қоры деп жобаланған. Игеріле бастаған елу жылдан астам уақыт ішінде басқарма бойынша болжанған қордың 79 % пайызға жуығы игеріліп ел игілігіне жаратылды.

Басқармада бүгінгі таңда 7 мұнай кен орны игерілуде:

С.Балғымбаев, Оңтүстік-Батыс Қамысты, Оңтүстік-Шығыс Қамысты, Оңтүстік-Шығыс Новобогат, Жаңаталап, Гран, Забурын. Күні бүгінде С.Балғымбаев кен орнында пайдалану қорында 139 ұңғы болса, оның әрекеттегісі - 136 ұңғыма, ал, 3 ұңғыма әрекетсізде тұр. Әрекеттегі 136 ұңғының 131 ұңғыма штангалы терең сораппен (ШГН), 4 ұңғыма электрбұрандалы (ЭВН) сораппен, ал, 1 ұңғыма фонтандық тәсілімен жұмыс жасап тұр. Су айдау қорында 15 ұңғыма бар, оның ішіндегі әрекеттегі қоры - 13 ұңғыма.

С.Балғымбаев кен орнында 2023 жылдың қорытынды есебі бойынша 171,274 мың тн. мұнай

тауарлық жағдайға дайындап жеткізіп, оны тасымалдауға, сол арқылы өндірістік мақсатқа пайдалануға бағыт ұсталуда. Осы бағыттағы жоба бойынша басқармада газ дайындау қондырғысы іске қосылды.

С.Балғымбаев кен орны басындағы нысандарды жылытумен қатар, С.Балғымбаев-Забурын кен орындары аралығына газ құбыры тартылды. Яғни, бұдан бұрын Забурын кен орнының мұнай қыздыру пештеріне, жылыту қазандарына өндірілген ілеспе газ жетіспей, сатып алынған табиғи газды пайдаланып келсек, газ дайындау қондырғысы іске қосылғанан кейін бұл мәселе оңтайлы шешілді.



**Ембі
ТЫНЫСЫ**

№1 (118)
ҚАҢТАР
2024 ЖЫЛ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

ӨНДІРІС

2024 жылдың 1 қаңтарына басқарма бойынша игеру қорында **705** ұңғы бар,

оның ішінде: жұмыс жасап тұрғаны – **694** ұңғы, әрекетсізі – **11** ұңғы.

Су айдау қорында **92** ұңғы жұмыс жасап тұр.

Басқарма бойынша 2023 жылдың қорытынды есебімен **809,970** мың тн. мұнай өндірілді.

Басқарма бойынша 2023 жылдың қорытындысымен **807,118** мың тн. мұнай тапсырылды.

2023 жылы бұрғылаудан жаңа **9** ұңғы іске қосылды.

оның ішінде, кен орындары бойынша:

С.Балғымбаев кен орны – **3** ұңғы, (көлденең бұрғылау)

О.Ш.Қамысты кен орнында – **3** ұңғы, (тік бұрғылау)

Гран кен орнында – **2** ұңғы, (көлденең және көлбеу бұрғылау)

Забурын кен орнында – **1** ұңғы, (көлденең бұрғылау)

Жаңадан қосылған ұңғылардан қосымша **18 294** тн мұнай өндірілді.

2024 жылға мұнай өндіру жоспары – **819,781** мың тн.

2024 жылға мұнай тапсыру жоспары – **811,110** мың тн.

С.Балғымбаев кен алаңында іске қосылған газ дайындау қондырғысы арқылы дайындалған газды Забурын кен орнында пайдаланып отырмыз. Сонымен қатар, осы қондырғыда дайындалған газбен «ҚазТрансАймақ» арқылы Исатай, Забурын, Аққыстау селосы елді мекендері тұрғындарының сұраныстарын өтеуде.

2018 жылдың күрделі құрылыс нысанындағы Аққыстау-АГРС Тұщықұдық газ құбыры құрылысы аяқталып, 2019 жылдың қаңтар айынан бастап Тұщықұдық, Хамит Ерғалиев ауылдарының аумағы «көгілдір отынмен» қамтамасыз етілуде.

Сонымен қатар, 2018 жылы С.Балғымбаев-Тұманды газ





ӨНДІРІСТІҢ БАСТАУЫ



құбыры іске қосылды. Бүгінгі таңда аталмыш газ дайындау қондырғысында 11 адам вахталық әдіспен қызмет етуде. Еңбек адамының жағдайына әркез басымдық беретін «Ембімұнайгаз» АҚ кен алаңдарында өндіріс пен әлеуметтік саланың дауымен қатар ұстап келеді. Жұмысшының алаңсыз еңбек етуіне барлық жағдайды қарастырып, мұнайшы мен оның отбасын әлеуметтік қамқорлыққа алған 2022-2026

жылдарға арналған ұжымдық шарттың көздегені де осы қарапайым еңбек адамының тұрмыстық жағдайын реттеп, олардың әл-ауқаттарын дамыту. Осы мақсатта кен алаңдарындағы әлеуметтік нысандардың жұмысы кезең-кезеңмен жаңғыртылуда. Нақты шараларға тоқталсақ:


- 2023 жылғы жоспарға сәйкес өндіріске жаңадан 3 операторлық вагондар пайдаланылуға берілді;
- С.Балғымбаев кен орнында 2 дана жатақхана бар. Әр жатақхананың сыйымдылығы 100 орыннан қарастырылған. Жатақханада жұмысшы қызметкерлерге барлық жағдай жасалған. Бөлмелер тоңазытқыш, ауа баптағыштармен жабдықталған. Жұмысшылардың демалыс кезінде билырд, тенис ойындары мен дене шынықтыру құралдарымен қамтамасыз етілген;
- 2018 жылы С.Балғымбаев кен орнында 150 орындық асхана пайдаланылуға берілді.



ТҮЙІН. Азамат Маңғыбаев, «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасының бастығы: Әрбір компанияның басты құналылығы – еңбек адамы. Әр ұжымның беделін арттыратын табысты еңбек десек, табысты еңбекті нәтижелі ететін – қалр. Қалрдың алаңсыз әрі қауіпсіз ортада еңбек етуіне мүмкіншілік жасау- табыстың кілті. Компанияға қарасты «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасындағы С.Балғымбаев кенішінде осы үрліс көрініс тапқан. Бұл табыста әрбір жайықмұнайгаздық мұнайшының үлесі бар.



ЖАҢА НЫСАН

КЕН АЛАҢЫНДА
ЖАҢА СПОРТТЫҚ
НЫСАН АШЫЛДЫ

Жаңа жыл қарсаңында «Жылыоймұнайгаз» басқармасының Терең-Өзек кен алаңында мобильді спорт нысаны пайдалануға берілді.

Бұрын кеніштегі мұнайшылар жатақханасының бір бөлмесінде орналастырылған үстел теннисі мен тренажерда жаттығып келген тереңөзектік жұмысшылар «кендеу зал болса» деген ұсыныстарын басшылыққа жолдаған еді. Міне, мұнайшылардың күткен спорт ғимараты іске қосылды.

Мобильді спорт нысанының ашылу салтанатына қатысқан «Жылыоймұнайгаз» МГӨ басқармасының бастығы Ғибатолла Шанаев әріптестерін бұл спорт ғимаратының мұнайшыларды салауатты өмір салтына баулып қана қоймай, олардың уақытын тиімді пайдалануға, олардың шыңдалуына мүмкіндік беретінін атап өтті.

ДЕНСАУЛЫҒЫМЫЗДЫҢ КЕПІЛІ

Спорт нысанының ашылу салтанатында лентаны қию маған бұйырды. Бұл – мен үшін үлкен дәреже. Осы цехта табан аудармастан 40 жыл бойы еңбек еткенімнің нәтижесі деп ойлаймын.

Денсаулықтары мықты спортпен шыңдалған жұмысшылардың көңіл-күйлері жақсы. Жұмысқа деген ынталары одан әрі артқандай. Кешеннің іші кең, қазіргі жағдайға сай жасакталған. Барлық керектінің бәрі бар.

Бұрын спортпен жатақханада, шағын жерде, аз ғана адамға негізделген бөлмеде шұғылданатынбыз.

Ал, өзім велосипед тепкенді ұнатамын. Жасым 60-та болса да демалысымда шаруаларымды тындыру үшін велосипедпен жүремін.

**Ізімқайыр БЕКМАҒАМБЕТОВ,
Терең-Өзек цехының мұнай-газ өндіру операторы**

Спорт нысаны қажетті жабдықтармен толықтай жабдықталған. Бильярд, үстел теннисі, тренажер, жүгіру алаңы, велотренажер, демалыс бөлмесі, душ сынды қажеттіліктер түгел ескерілген.

Терең-Өзек кен алаңында еңбек етіп жатқан 160-ға тарта жұмысшы заманауи спорт нысанының өздеріне берілгенін қуана қабылдап, «енді өз арамызда спортты бұдан да жақсы дамытуға кедергі жоқ» дейді.

Айта кету керек, аталмыш басқармада спорт шаралары тұрақты ұйымдастырылып келеді. Жылыойлық мұнайшылар арасында спорттан жолдастық кездесулер, спартакиадалардың дәстүрге енгенінің көрінісі – олар бүгінде тұтас ауданның, компанияның намысын жоғарғы деңгейдегі спорттық сайыстарда абыроймен қорғап жүр.



БАР ЖАҚСЫЛЫҚ – МҰНАЙШЫҒА

МҰНАЙШЫЛАРҒА
ЖАЙЛЫ ЖАҒДАЙ

Жаңа жыл жағымды жаңалықтармен бастау алды. Жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатындағы игі іс-шаралар биыл да жалғасын табуда. Соның бір дәлелі ретінде «Жайықмұнайгаз» мұнай-газ өндіру басқармасына қарасты Забурын кен алаңында 60 орындық жатақхана күделі жөндеуден өтіп, жаңа спорт кешені салынды.

2006 жылы салынған екі қабатты 60 орындық жатақханаға өткен жылы мердігер мекеме «Декор» ЖШС күрделі құрылыс жөндеу жұмыстарын атқарды. Атап айтсақ, нысанның инженерлік желілері, жылу құбырлары жаңартылып, жалпы толықтай ішкі жөндеу жұмыстары жүргізілді. Сондай-ақ, абаттандыру жұмыстары да атқарылды.

Өткен жылы жалпы 1 мыңға жуық тонна мұнай өндірген кен орнында бүгінгі таңда 43 жұмысшы вахталық әдіспен еңбек етеді.

Бұған қоса, жыл соңында забурындық мұнайшылардың қуанышын еселеген тағы бір жаңалық – спорт кешенінің пайдалануға берілуі болды.

«Жаңа спорт кешені – біз үшін үлкен сый, демалыс орны болды. Мұнда біз жаттығамыз. Күн ұзақ ауыр жұмыстан шаршап келгенде осы спорт алаңдарына кіргенде шаршағаның басылып, демалып қаламыз», — дейді кен алаңы жұмысшылары.

Бұған дейін жұмыскерлер жатақхана ішіндегі шағын спорт бөлмесінде жаттығушы еді. Ал, қазір теннис үстелі, бильярд үстелі, спорттық тренажер залдары бар. Барлық бөлмелер заманауи талапқа сай жабдықталған.

Сонымен қатар, өндірістік басқармада бұдан басқа да



игі жаңалықтар орын алды. Жаңаталап кен орнындағы №3 мұнай-газ дайындау цехы өндірістік ғимаратының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Және кен орнындағы жылу қазаны қайта жаңартылып, қолданысқа тапсырылды. Аталмыш цехтың жалпы ауданы 604,7 шаршы метрді құрайтын өндірістік ғимараты жаңадан салып, инженерлік желілері толықтай қамтылып, және де кабинеттерге жаңа жиһаздар орналастырылды.

Аталған кен орнындағы 2012 жылы салынған жылу қазанын қайта жаңарту жұмыстары өткен жылдың күзінде басталып, мердігер мекеме «Дос-Жан» фирмасы» ЖШС нысанның құрылыс-монтаждау жұмыстарын атқарды.

Жалпы ауданы 35,3 шаршы метр құрайтын жылу қазандығына жаңарту жұмыстарын жүргізгенде Жаңаталап кен орнындағы жаңадан салынған мобильді 30 орындық жатақхананы жылытуды есепке алып, жылу қазандығының құрылғыларымен қоса жылыту күшін күшейту жұмыстары атқарылғанын атап өткен жөн.

Жаңаталап кен орнында 2023 жылы 160 мыңнан астам тонна мұнай өндірілген болатын. Кеніш мұнайшылардың екінші үйі іспетті. Өйткені, олар бір айдың жартысын осында өткізеді. Сондықтан, олар компания тарапынан жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында қолға алынған бұл қамқорлыққа дән риза болып, көңілдері марқаюда.



ЖЫЛ ТАНУЫ

«Даңқ» орденді мұнайшы

Ғасырлық жолдан өткен Қазақстан мұнайы осы жылдар ішінде талай еңбек тарландарын өсіріп шығарды. Еңбектегі ерліктері талайды тәңгі етіп, үлгі болған атпал азаматтардың ізін абыроймен жалғап келетін мұнайшылар аз емес.

Солардың бірі – 2023 жылдың қорытындысы бойынша «Жыл үздігі-2023» байқауының «Жыл тануы» номинациясы бойынша үздік деп танылған III дәрежелі «Даңқ» орденінің иегері, ембілік мұнайшы, «Доссормұнайгаз» МГӨБ № 1 Ботахан мұнай және газ өндіру цехының операторы Дүйсембай ЕРЖАНҒАЛИЕВ.

Сын сағаттарда сыналып, еңбек даласында шыныққан Дүйсембай Елубайұлы 1989 жылдан бері Ембі өңірінде еселі және абыройлы еңбек етіп келеді. Еңбек жолын 17 жасында автоматика саласынан бастаған жас жігіт кейін 1994 жылы Қарсақ кенішінде мұнай

өндіру операторы болып еңбекке араласады. Ал, 1995 жылы Ботахан кен орнына ауысады. Бұл жолда оған ұстаздары - мұнай өндіру ісінің кәнігі майталмандары Нұрлан Мұқанов, Есен Хасанов, Орынбасар Шыңдаулов сияқты еңбеккерлер көп көмектесті. Содан бері 30 жылға жуық уақыт бойы табан аудармастан бір кеніште қызмет етіп келетін Дүйсембай Елубайұлы үшін Ботахан кенішінің ұжымы екінші үйіндей болып кеткен.

Өткен жыл Дүйсембай Ержанғалиев үшін табысты кезең болды. Республика күніне орай Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театрында өткен салтанатты жиында облыс әкімі Серік Шәпкенов Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Дүйсембай Ержанғалиевті III дәрежелі «Даңқ» орденімен марапаттаған болатын.

- Бұл мен үшін күтпеген тосынсыйлар болды. Осы жетістіктер тек маған емес, жалпы ембілік мұнайшылардың жұмысына берілген

оң баға деп есептеймін. «Ембімұнайгаз» біз үшін үйіміздей ыстық. Ұжымдастарымызбен талай қиын да қызықты күндерді бастан кешіп, бір шаңырақтың адамындай жақын араласамыз. Ұжымдағы жас мамандар бізден тек қызметке қатысты емес, өмірлік кеңестер де сұрап отырады. «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарсақ» біз алмайтын асу жоқ. Сондықтан, кәсіпорнымыздың көркеюі үшін аянбай бір мақсат-мүддеде еңбек етеміз, - дейді әріптесіміз бізбен әңгімесінде.

Жұмысқа деген тиянақтылығымен, бастаған істі соңына дейін жеткізе алатын қасиетімен ерекшеленетін Дүйсембай Ержанғалиев әріптестерінің арасында да сый-құрметке ие. «Жердің үстін де, жердің астын да бес саусағындай біледі» деп сипаттайды оны әріптестері әзілдеп. Дегенмен, әзілдің астарында да үлкен мағына жатқандығын аңғару қиын емес.

«Әке көрген оқ жонар» дейді халық даналығы. Әріптесіміз жастайынан әкесі



Елубай Ержанғалиевтің еңбекқорлығы мен іскерлігіне тамсанып өскен. Бала киялының түкпіріндегі мұнайшы болам деген талпыныс оның әкенің мұнайшылық жолын жалғауына септігін тигізді. Қазір ол Рамазан, Асқар, Айтқали есімді аға-інілерімен бірге «Ембімұнайгаз» компаниясында еселі еңбек етіп, ата-әке салған сара жолды, династиялық құндылықты абыроймен жалғап жүр.

ИНТЕРВЬЮ

Добыча нефти и газа невозможна без бурения скважин, ведь именно из них на поверхность поднимается нефть. Уже более 50 лет помогает «добывать из земли ее далеко ушедшие тайны» ТОО «СБП «КазМунайГаз-Бурение» – один из проверенных временем давних и надежных партнеров АО «Эмба-мұнайгаз». По итогам конкурса «Жыл адамы-2023» генеральный директор компании Динмухамед Шарипбаев удостоен звания «Партнер года», с чем мы поздравляем весь коллектив предприятия и, пользуясь возможностью, беседуем с его руководителем.

– Динмухамед Аликанович, какие события в 2023 году привели вашу компанию к успеху? Чем озаменовано сотрудничество с ЭМГ в минувшем году? Какими Вам видятся новые горизонты совместной работы наших предприятий?

– Действительно, наше партнерство с Эмба-мұнайгаз продолжается уже более полувека. ТОО «СБП» КазМунайГаз-Бурение» - правопреемник Балыкшинского управления разведки и бурения, которое было организовано на базе Прорвинского конторы бурения в 1971 году в связи с дальнейшим развитием и усилением геологоразведочных работ в Прикаспийской впадине.

В прошедшем 2023 году ТОО «СБП КазМунайГаз-бурение» успешно пробурены и сданы в эксплуатацию 20 горизонтальных скважин с общей проходкой 26 922 метра. За последние пять лет на проектах АО «ЭМГ» нами были пробурены и сданы в эксплуатацию в общей сложности 156 скважин, в частности 69 вертикальных, 10 наклонно-направленных, 8 разведочных и 69 горизонтальных, общая проходка составила 195 327 метров.

С конца 2019 года АО «Эмба-мұнайгаз» поменяло стратегию развития месторождений Атырауской области в сторону бурения горизонтальных скважин. С этого времени ТОО «СБП «КМГ-

Бурение» изучает и внедряет самые современные технологии для наклонно-направленного и горизонтального бурения, такие как RSS (роторно-управляемые системы) и MLWD (телеметрические системы) компаний «Шлюмберже Лоджелко» ЛТД и Baker Hughes для проводки в маломощных пластах, водоплавающих залежах и горизонтальных участках протяженностью более 1000 м. С каждым годом доля скважин с горизонтальным окончанием и с большими отходами растет. В 2023 году на Прорвинском участке были пробурены скважины, где длина горизонтального участка составляла более 1500 метров.

Для проводки скважин в пределах целевого интервала применяется сервис геонавигации, корректировки траектории производятся по результатам отслеживания каротажных данных в режиме реального времени. В процессе цементирования применяются современные реологические буферы, эффективные дизайны цементных растворов с учетом конструкций скважин, горно-геологических условий, плотности и реологии закачиваемых жидкостей. При заканчивании скважин применяются компоновки с шелевыми фильтрами и компоновки МГРП с извлекаемыми седлами и скользящими муфтами 3-10 стадий.

Также в прошлом году для АО «ЭМГ» нами впервые проведен трех-, пяти- и десятистадийный гидроразрыв пласта с применением новейшей технологии по закачиванию в пласт маркированного пропанта, призванного в будущем определять профиль притока скважины в каждой из интервалов добычи в горизонтальном стволе, без остановок скважины и проведения ГИС.

В рамках разработки действующего фонда месторождений ожидается рост бурения методом нарезки боковых стволов и углублений забоев с наклонно-направленным и горизонтальным окончанием. На данный момент



по проекту ЗБГС успешно пробурены и сданы в эксплуатацию две из трех скважин на месторождении С. Нуржанов. Мы надеемся, что этот проект в дальнейшем будет иметь долгосрочное продолжение и готовы принять активное участие в его реализации.

В целях получения максимально высоких результатов в работе по строительству скважин для АО «ЭМГ» ТОО «СБП КазМунайГаз-бурение» применяет самые современные и надежные технологии, с привлечением международных компаний – лидеров в мировой нефтесервисной отрасли, таких Schlumberger и Halliburton.

– По показателям в области БиОТ ТОО «СБП «КМГ-Бурение» входит в число лучших подрядных компаний ЭМГ. Что делается для достижения нулевых показателей в сфере промышленной безопасности?

– Нефтяная и газовая промышленность всегда являлась, является и будет являться отраслью повышенной опасности. Работа по внедрению стандартов качества предоставления буровых услуг, промышленной безопасности и охраны окружающей среды для нас, как ведущей буровой компании с полувековым опытом работ на месторождениях со сложными геологическими условиями, — это непрерывный и всегда комплексный процесс.

Мы определили три основных

направления для улучшения в области безопасности: повышение квалификации персонала, модернизация оборудования и внедрение современных технологий. Работа по каждому направлению предполагает целый комплекс мероприятий, которые проводятся нами в соответствии с требованиями международных стандартов, на основе инновационного подхода, высокого профессионализма и с применением современного парка оборудования, что и дает в итоге качественный результат.

– Как вы повышаете профессионализм своих сотрудников, ведь им, как Вы только что отметили, приходится работать над все более сложными проектами?

– В любом бизнесе, а в нашем особенно, нужно создать такие условия, чтобы сотрудникам было безопасно и комфортно работать, чтобы они могли расти и развиваться в профессиональном отношении.

Наш инженерно-технический и рабочий персонал находится в процессе непрерывного обучения в соответствии как с казахстанскими, так и международными стандартами в области управления скважинами во время бурения, такими как стандарт IWCF.

В рамках совместного проекта с КБТУ и Baker Hughes нами был создан Учебный центр по буровым технологиям, где сотрудники получают высококачественные образовательные услуги с применением современного интерактивного обучающего оборудования, такого как полномасштабный буровой симулятор DS -5000.

В соответствии с программой «Внутренний тренер» наши лучшие специалисты проводят обучение для коллектива по предотвращению прихватов и управлению бурильной колонной, по работе на противовыбросовом оборудовании.

На базе электронного портала компании работает система обучения Learning management System, благодаря которой работники имеют возможность

самостоятельно проходить курсы в целях личного роста.

Наряду с постоянными краткосрочными учебными курсами сотрудникам дается возможность обучения по программе MBA за счет предприятия.

Систематический и полный охват обучением позволяет нам сохранять уверенность в высоком профессионализме, инициативности и открытости наших буровиков. Опытный и знающий персонал – это главное преимущество нашей компании, то, чем мы по-настоящему гордимся, и что позволяет нам сочетать многолетний опыт бурения сложных и глубоких скважин со строительством современных высокотехнологичных скважин любых конструкций и назначений в любом сегменте бурения.

– По итогам конкурса «Жыл адамы-2023» Вы названы «Партнером года». Бесспорно, это признание труда всего вашего коллектива. Что Вы в свою очередь хотели бы пожелать нашей компании?

–Прежде всего хочу выразить признательность эмбинцам за высокую оценку нашего труда. Мы гордимся этим и стремимся работать еще лучше, еще эффективнее. И, конечно, никакие успехи не достигаются в одиночку.

Нефтяная отрасль Казахстана за свою историю прошла множество этапов становления, и во все времена нефтяники Эмбы находятся в авангарде технологического и профессионального развития.

Эмба-мұнайгаз по праву гордится своей богатой историей и славными традициями. Здесь всегда работали и работают высококлассные специалисты, преданные делу люди, благодаря которым сформирована современная нефтяная отрасль.

Желаю нефтяникам Эмба-мұнайгаз и впредь успешно внедрять новые промышленные технологии, воспитывать лучших отраслевых профессионалов, приумножать экономический потенциал региона и тем самым благосостояние всей страны!

МЕРЕЙГЕР

ЗЕЙНЕТКЕ – ҮЛКЕН ҚҰРМЕТПЕН



Басқару аппараты кеңсесінде «Ембімұнайгаз» АҚ аға бухгалтері Құбаш Есеевті зейнеткерлік демалысқа шығарып салуға арналған салтанатты рәсім өтті. Іс-шараға Компанияның Бас директорының қаржы және экономика жөніндегі орынбасары Р.Тасмағамбетова, департаменттер директорлары мен кәсіпорынның қаржы блогының қызметкерлері қатысты.

Ғұмырының 40 жылдай айтқан ақ тілектер аз болған астамжылы «Ембімұнайгаздың» қаржы саласының дамуына арнаған Құбаш Нұрбергенұлына арнап

айтылған ақ тілектер аз болған жок. Адал еңбек жетістікке жету, ұжым құрметіне бөленуге жетелейді. Сіздің Компанияның дамуы жолындағы адал

еңбегіңізді, мұқияттылығыңызды, табандылығыңызды біз аса жоғары бағалаймыз. Осындай құрметке ие болып зейнетке шығу - үлкен бақыт. Сіздің тәжірибеніз жас мамандар үшін үлгі, құнды қазына болып қалады, - деді Рысты Тасмағамбетова.

Еңбек жолын 80-жылдардың басында Гурьев АвтоТЭКте бухгалтерліктен бастап, кейін Балықшы ауданы бойынша мемлекеттік салық инспекциясында, Мемлекеттік

қаржы бақылау комитеті басқармасында, Қаржы-валюта бақылау комитетінің Атырау облысы бойынша басқармасында, Салық полициясы комитетінің Атырау облысы бойынша басқармасында, кейін «ҚазақОйл-Ембі» ААҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ-да абыроймен жалғастырады. Ең бастысы қайда, қай салада еңбек етсе де Құбаш Есеев азаматтық парасатынан айныған емес. Ол өз ортасында әркез сый-құрметке бөлене білді.

Ғұмырын қаржы саласына арнаған жан осы ортада өткен күндерін қашан да сағынышпен еске алатынын жеткізіп, әріптестеріне шын жүректен алғысын білдірді. Басқосуда әріптестері өздеріне жұмыс бабында жанашыр ақылшы, тағылымды тәлімгер бола білген, бүгінде зейнеткерлікке шыққалы отырған Құбаш Нұрбергенұлы туралы тебірене сөз сөйлеп, игі тілектерін білдірді.

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫ

«ӨЗ ДЕНЕҢДІ ҚАЛЫПТАСТЫР»



«Ембімұнайгаз» АҚ Орталық басқару аппаратының кәсіподақ комитеті қызметкерлерге жаңа жобаны ұсынды. Осы жолғы бастама – салауатты өмір салтын ұстануға себеп болатын жоба болды.

«Өз дененді қалыптастыр» жобасы 15-қаңтардан бастау алды. Марафонға 47 адам қатысуда. Олар алдымен бойлары мен салмағын өлшеп, фитнес-нұсқаушы Родион Кабацковтан дұрыс тамақтану мен жаттығуларды жасау бағытында арнайы кеңестер алды.

Ең жақсы нәтижені анықтау үшін қатысушылардың бастапқы және соңғы салмағы есепке алынады. Сайып келгенде, ең жақсы пайыздық көрсеткішке ие қатысушы жеңімпаз болады. Жеңімпаздар ерлер мен әйелдер арасында бөлек 1 наурыз күні анықталады.

Ал, өткен жексенбіде Орталық басқару аппараты кәсіподағы Invictus Fitness SULO орталығымен бірігіп, кеңсе қызметкерлеріне фитнес демалыс ұйымдастырды.

- Аптаның басым уақытын кеңседе өткізіп, дұрыс тамақтану, спортпен

шұғылдану мәселелерін кейінге ысырып қоятынымыз жасырын емес. Осы олқылықтың орнын толтыру мақсатында бізге пайдалы демалыс ұйымдастырған Кәсіподақ комитетіне алғысымызды білдіреміз, - дейді қызметкерлер.

Атырау қаласында жаңадан ашылған Invictus Fitness SULO кешенінің тренерлері бір күн бойы ембіліктерге шеберлік сағаттарын өткізді.

«Ембі тынысы» газетін осы QR код арқылы да оқи аласыздар.



Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы:
Қоғаммен байланыс тобы

Бас редактор: А.Ертлеуова

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2024 жылғы 18 қаңтарда № KZ69VPY00085699 күәлігі берілді.

Газет айына 1 рет шығады.
Таралымы – 3500 дана.

Редакцияның мекен-жайы: Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.
G.Karajanova@emg.kmgerp.kz

И.Сатылғанова – 8 (7122) 99-34-66, 21-166
I.Satylganova@emg.kmgerp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309
A.Ertleuova@emg.kmgerp.kz

Баспахана: «Реформа» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қаласы

РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:

М.Елеусінов – Бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары;
Р.Тасмағамбетова – Бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

Қ.Әбенов – Бас директорының кадр және әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары;

А.Кенжехорұлы – Аппарат жетекшісі;

Ә.Каримов – Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бас техникалық басшының м.а.;

К.Түлеушов – Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

Ғ.Қаражанова – Қоғаммен байланыс тобының жетекшісі;

Ж.Дәуітов – «Жас мамандар» кеңесінің төрағасы.